

Бисенова М.Қ.

КІНӘ МЕН ҚЫЛМЫС ҚҰРАМЫНЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ

Бисенова М.К.

ВИНОВНОСТЬ В СОСТАВЕ ПРЕСТУПЛЕНИЯ

В статье автором рассмотрены актуальные проблемы уголовного права, описаны виновности в составе преступления.

Қылмыстық құқығында қылмыс құрамы деп эрекетті қылмыстық деп анықтайтын, заңмен "белгіленген белгілердің жиынтығы ұғылады. Қылмыс құрамы - бұл қылмыстың нақты түрінің заңды анықтамасы. Субъект эрекетінде қылмыс құрамының заңмен қарастырылған барлық белгілерінің болуын анықтаған соң, сот бұл тұлғаның қылмыс жасауда айыпты екендігі, және оның қандай қылмыс жасағандығы жөнінде тұжырымға келе алады. Қылмыс құрамының қылмыстық жауапкершілік негіздемесі және қылмысты дұрыс саралаудың негізі ретіндегі мәні осында қамтылады.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, кінә қылмыс құрамы элементтерінің бірі болып табылады және құрамның жалғыз негіздемесі ретіндегі қылмыстық жауапкершіліктің міндетті шарты болып саналады. Қылмыстық құқығына кінәні құрам шектерінен шығарып, оған қылмыстық жауапкершілік негізінің қасиеттерін беру тән емес.

Дегенмен, қылмыс құрамы элементтерінің бірі бола тұра, кінә оның элементтерінің арасындағы құрамда ерекше орын алады.

а) Объект, субъектіні және объективті жақты сипаттайтын белгілер анықталмайынша, кінә жөнінде мәселе қоюдың өзі мәнсіз болады. Сол себепті, А.А.Пионтковский дұрыс көрсетіп кеткендей, кінәні анықтау қылмыс құрамын анықтаудың ақырғы кезеңі болып табылады. Объект, субъектіні және объективті жақты сипаттайтын белгілер тұлға кінәсіне тәуелсіз орын алуы мүмкін, дегенмен, құрам элементтерінің біреуі болмаған жағдайда, кінә да болмайды.

в) Тұлға кінәсінің болуы және оның анықталуымен қылмыс пен қылмыскерді кінәлау, айыптау байланысты болады, ол өз көрінісін қылмыстық жауапкершілікте табады.

Айтылғаймен құрамның басқа элементтері арасындағы кінәнің ерекше орны және заңның айыптау үкімін кінәні анықтап, тұлғаны айыпты деп мойындағаннан кейін, шығарумен байланыстыратындығы анықталады.

Қылмыстық-процессуалдық заң, әдебиеттерде орынды аталып жүргендей, «кінә» терминіне тең келетін «айыптылық» терминін эртүрлі қолданатындығын айтып кету қажет: а) тұлғаның жасырын ниеті немесе абайсыздығы ретінде, оның қылмысының субъективті жағы ретінде. Бұл кейде кінәні «жасырын ниет немесе абайсыздық бойынша қылмыс жасау факті» ретінде түсіндіруге, және айыптылық ұғымына құрамның барлық элементтерін, тіпті, қылмыстық жауапкершіліктің уақыты өткенділігі сияқты шартын қосуға негіз береді.

Қылмыстың кінәсі мен құрамының арақатынасы кінәға - оның мазмұны мен нысанына - байланысты, қылмыс құрамының объективті белгілері мен жалпы құрылымына қарай анықталады. Қылмыс құрамының

құрылымы, қылмыстың объекті мен объективті жағын анықтайтын құрам белгілерінің көлемі мен сипаты келесілерді шарттайды: а) қылмыстың саралануына эсер ететін құрамның субъективті жағы белгілерінің мазмұнын, б) құрамның субъективті жағының осы белгілерінің көлемін және в) айтарлықтай дәрежеде - сәйкес қылмыстарды жасау мүмкін болатын кінә нысанын.

Құрам құрылымдарының кінә нысандарын материалдық немесе формалдық ретінде анықтау үшін мәні көрсетілген болатын. Сонымен қатар, қылмыс құрамдары қылмыстарды созылмалы; жалғастырылатын; күрделі (құрама) деп сипаттай алады: кейбір құрамдардың объективті жағы баламалық сипатта болуы мүмкін.

Құрам сипатын анық белгілеу сәйкес қылмыстың жасалатын кінә нысанын анықтау үшін мәні зор. Созылмалы қылмыстардың объективті жағының ерекшелігі оның субъективті жағының ерекшеліктерін тудырады: субъект санасында тек сол созылмалы қылмысты бастайтын эрекеттің белгілері ғана емес, нәтижесінде оның міндеттерді орындамауы сол созылмалы қылмысты құрайтындығы да көрініс табуы керек.

Жалғастырылатын қылмыстардың субъективті жағы, біріншіден, сол жалғастырылатын қылмысты құрайтын қылмыстық актілердің эрқайсысының субъективті белгілерін және, екіншіден, осы қылмыстық актілердің арасындағы байланысты, олардың бағыт етіп ұстаған ортақ мақсатын қамтиды.

Екі немесе бірнеше эрекеттен тұратын, олардың эрқайсысы заңмен жеке қылмыс ретінде қарастырылған және бір қылмыс басқа қылмыстың тәсілі немесе салдары ретінде болатындай күрделі (құрама) қылмыстардың объективті жағына сәйкес, -олардың субъективті жағы да күрделі, құрама сипатта болады. Ол күрделі қылмыстардың жеке «құрама бөліктерінің» объективті белгілерін де (мысалы, тонау барысында - тұлғаға зорлық көрсету, мүлігіне иемдену), сол құрама бөліктердің өзара байланысын да (мысалы, зорлық мүлікті иемденудің құралы ретінде қолданылатындығы) бейнелейді.

Қылмыс құрамының объективті жағы эрқайсысы құрамның болуы үшін жеткілікті болып табылатын түрлі қоғамдық қауіпті эрекеттерді немесе түрлі қоғамдық қауіпті салдарды баламалық түрде көрсететін жағдайларда, объективті жақтың алуан түрлеріне кінәнің алуан түрлі мазмұны сәйкес келеді, тіпті, кінә нысандары да эртүрлі болуы мүмкін, қарастырылған құрамдарда өз бетімен кетіп қалу тек қасақана, ал қызмет орнына уақытылы келмеу -қасақана да, абайсыздықпен де жасалуы мүмкін. Бұдан басқа, бірнеше салдары бар қылмыстарда жасырып ниет немесе абайсыздықтың бірнеше түрлерінің «тоғысуы» мүмкін болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. А. А.Пионтковский. Учение о преступлении, 314-3156.
2. Н.Н.Полянский. Вопросы теории советского уголовного процесса. Изд. МГУ, 1956, 246-2476.

3. Н.С.Алексеев. Доказывание и его предмет в советском уголовном процессе. Актуальные проблемы Советского государства и права. Изд. ЛГУ, 1967, 454-4556.

Рецензент: д.ю.н., профессор Арабаев Ч.И.